

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ҚОҒАМЫ
СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ

Қазақстандағы географиялық ғылымды дамыту және қоршаған ортаны қорғау мәселелері

Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ
Семей, Қазақстан, 28-29 қыркүйек 2017 жыл

Семей, 2017

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КАЗАХСТАНСКОЕ НАЦИОНАЛЬНОЕ ГЕОГРАФИЧЕСКОЕ ОБЩЕСТВО
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ ШАКАРИМА Г. СЕМЕЙ

Развитие географической науки в Казахстане и проблемы охраны окружающей среды

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции
Семей, Казахстан, 28-29 сентябрь 2017 года

Семей, 2017

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF
THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
KAZAKHSTAN NATIONAL GEOGRAPHIC SOCIETY
SHAKARIM STATE UNIVERSITY OF SEMEY

The development of geographical science in Kazakhstan and problems of environmental protection

MATERIALS

international scientific-practical conference
Semey, Kazakhstan, September 28-29, 2017

Semey, 2017

УДК 911
ББК 26.8
Р 17

Спонсоры QazaqGeography:



Председатель редакционной коллегии:

Ескендиrow Меир Гариполлаевич – доктор исторических наук, профессор, ректор Государственного университета им. Шакарима г. Семей

Бельгибаев М.Е. – доктор географических наук, профессор, ответственный редактор

Редакционная коллегия: Бельгибаев М.Е., Барышников Г.Я., Рустем Ж.Н., Медеу А.Р., Евсеев А.В., Куст Г.С., Мазбаев О.Б., Сапаров А.С., Нигматов А.Н., Сальников В.Г.

«Қазақстандағы география ғылымының дамуы және қоршаған ортаны қорғау мәселелері» Халықар.ғыл.-практ.конф. МАТЕРИАЛДАРЫ (Императорлық Орыс Географиялық қоғамының Семей бөлімшесінің 115-жылдығына арналады) Семей, Қазақстан, 28-29 қыркүйек 2017 жыл. Семей Қаласының Шәкәрім атындағы Мемлекеттік университеті, Қазақстан ұлттық географиялық қоғамы «QazaqGeography». 2017 – 396 б.

МАТЕРИАЛЫ междунар.науч.практ.конф. **«Развитие географической науки в Казахстане и проблемы охраны окружающей среды»** (Посвящается 115-летию Семипалатинского отдела Императорского Русского Географического общества) Семей, Казахстан, 28-29 сентября 2017 года. Государственный университет им. Шакаримаг. Семей, Казахстанскоенациональноегеографическоеобщество «QazaqGeography». 2017 – 396с.

MATERIALS international scientific-practical conference **«The development of geographical science in Kazakhstan and problems of environmental protection»** (Dedicated to the 115th anniversary of the Semipalatinsk Department of the Imperial Russian Geographical society). Semey, Kazakhstan, September 28-29, 2017. Shakarim State University of Semey, Kazakhstan national geographic society «QazaqGeography». 2017 – 396p.

ISBN 978-601-248-826-5

Халықаралық ғылыми конференция Императорлық Орыс Географиялық қоғамының Семей бөлімшесінің құрылуының 115 жылдығына арналған. Семей географиялық бөлімшесінің негізін қалаушылары дала өлкесінің табиғат ресурстарын зерттеу бойынша үлкен ғылыми-ағартушылық жұмыс атқарған. Еліміздің атақты жазушылары мен ғалымдары – Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхтар Әуезов, Әлихан Бөкейханов және басқада қайраткерлер Географиялық қоғам мүшелері болды.

Международная научная конференция посвящена 115-летию образования Семипалатинского отдела Императорского Русского Географического общества. Основоположники отдела провели большую научно-просветительскую работу по изучению природных ресурсов богатого степного края. Членами Географического общества были наши великие писатели и ученые – Абай Кунанбаев, Шакарим Кудайбердиев, Мухтар Ауэзов, Алихан Бокейханов и другие деятели.

© Казахстанское национальное географическое общество «QazaqGeography». 2017

© Государственный университет имени Шакарима г. Семей, 2017

ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫ ӘЛЕМДІК ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КОНГРЕССТЕ

Бердібаева С.Қ.¹, Абдуллина Г.К.²

¹*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті*

²*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті*

Әлем психологиясы Жапонияда, Йокогамада 2016 жылы 24-29 шілде аралығында психологиялық ғылымдардың халықаралық одағының қолдауымен 31-әлемдік психологиялық конгреске жиналды (ICP 2016). Йокогама қаласына төрткүл дүниенің барлық елдерінің ғалымдары, саясаткерлері, мемлекеттік қызметкерлер қатысқан бұл конгресстің мағыздылығы өте жоғары. Конгресстің тақырыбы: «Гармониядағы әртүрлілік: психологиядан көзқарас». Гармония сөзі грек тілінен шыққан «бірлескен, келісім, келісу» мағыналарын береді.

Жапония өте жоғары дамып кеткен, 100 миллионнан аса халқы бар, әлемдік оптика мен электрониканың дамуында жетекші орын алатын әлемдегі ең бай мемлекеттердің бірі. Конгресс өткен Йокогама қаласы **көлемі жағынан Жапониядағы екінші қала, Канагава префектурасының астанасы, табиғаты өте керемет, теңіз жағасындағы портты қала, тарихы тереңде жатқан, жапон мәдениеті мен дәстүрін сақтаған жаңа замануи бағыттағы қалалардың бірі.**

Конгресс жағалаудааты әлемге әйгілі Pacifico Yokohama конференц-орталықта, Минато Мирайда өтті. Конгресстің статистикалық бөлімін қарасак әлемнің барлық жерлерінен көптеген ғалымдары қатысты, Жапония елінен 39%, Қытайдан 11%, Европа елдерінен 17%, Солтүстік Америкадан 9%, Латин Америкасынан 2%, Африкадан 2.4%, Орта Шығыстан 2%, Тынық мұхиты елдерінен 2.5% ғалымдары қатысты. Барлығы 7897 ғылыми зерттеулерді құрады.

Конгресс бойынша ғылыми еңбектер «International Journal of Psychology» әлемдік журналдың 51 бөлімінде 70 - психология саласы бойынша барлық ғылыми мақалалар жарық көрді. Бұл әлемдік журналың мәнділігі жоғары, импакт-факторы да өте жоғары.

Конгресс жұмысына Африкадан 193 ғылыми зерттеулер, Азиядан 2052, Жапониядан 3076, Европадаң 1345, Латин Америкасынан 165, Ортанғы шығыстан 160, Солтүстік Америкадан 706, Тынық Мұхиты елдері 200 ғылыми зерттеулер болды, жалпы алғанда барлығы-7897. Осы көрсеткішті әр мемлекет бойынша қарастырсақ әсіресе өзімізге таныс мәселен ТМД елдері бойынша Армениядан-1, Әзербайжан-1, Белоруссиядан-1, Қазақстаннан-89, Латвия-2, Ресей-149, Украина-8, Өзбекстан-4 міне осы көрсеткіштер көп жағдайды айтып тұр. Ресейден кейін тұрған қазақстандық зерттеулердің осы әлемдік конгрессте 89 мақала оның 8-ауызша баяндамалар, 76-постер баяндамалар, онлайн баяндамалар-5 болды, біздің мемлекетіміздегі ғылыми зерттеулердің жоғарғы деңгейі мен күшін көрсетті.

Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың «Интеллектуалды ұлт – 2020» идеясын ұсына отырып «...Бәсекенің бастысы - білімнің бәсекесі. Бұл үшін біріншіден, білім жүйесінің инновациялық дамуына жол ашу» - деп көрсеткен құнды идеяларының жалғасы ретінде Қазақстандық ғалымдар осы конгреске тікелей қатысып, қазақстандық зерттеулерді әлемдік деңгейде баяндап үлкен табыстармен елге оралды.

Әлемдік психологиялық конгресстер 4 жылда бір рет өтіп отырады. 2008 жылы Берлин қаласында өткен 29-әлемдік психологиялық конгреске (ICP 2008) алғаш рет біздің бірнеше ғалымдар барып қайтты, профессорлар Жақыпов С.М., Аймағанбетова А.Х., Құстубаева А. 2012 жылы Оңтүстік Африкада, Кейптаун қаласында өткен 30-әлемдік психологиялық конгреске (ICP 2012) біздер қатысып, Қазақстанды әлемге паш еттік.

3 рет Жапониядағы әлемдік конгреске тағы да қатысып өз мемлекетіміздің ғылыми жетістіктерін жеткіздік. Интеллектуалды өнімдерді сату арқылы Білімдер экономикасын жасау көптеген мемлекеттердің арманы. Қазақтан ғалымдары осы конгресс негізінде көптеген ғылыми ынтамақтастық жасап, көптеген елдердің профессорларымен болашақта бірлесіп зерттеу жүргізу туралы келісімдерге қол жеткізді.

Конгресс аясында ұйымдастырылған мәдени іс-шараларға қатысып, Жапонияның дәстүрлері мен мәдениетіне қанықтық. Осы конгресс негізінде біз өз зерттеулерімізді халықаралық аренада баяндап, құндылығы жоғары зерттеулермен тәжірибе алмасып, әлемдегі жетекші атақты психологтармен кездестік, атап айтқанда Джон Берри, Дэвид Мацумото, Синобу Китаяма.

Конгрестің ашылу салтанатындағы құрметті қонақтардың бірі принцесса Масако Овадо болды, Император Акихитоның бірінші ұлы кронпринц Нарухитоның жұбайы. Конгреске өзінің құттықтау хатын Жапонияның Премьер-министрі Синдзо Абэ жіберді, сондай-ақ конгрестің ашылу салтанатында адам сияқты андронидтардың алғашқы авторы, робот техника профессоры Hisoshi Ishiguro (Osaka University) Geminoid HI-2 роботын презентациялады, андронид кез келген адаммен сөйлесе алады әрі барлық сұрақтарға жауап беруге қабілетті.

Конгресс күнделігіне оралсақ адамзаттың келелі мәселелерін көреміз. Біздің әлемдегі әртүрлілікті әрі пайдалы, әрі мәселелі деп қарастыруға болады. Әсіресе бұл әртүрлі жағдайларды этнос және мәдениет, денсаулық сияқты сұрақтардың ішіндегі әртүрлілікпен арақатыстыруға болады. Сонымен қатар психологияның әр салаларының арасында да әртүрлілікті көреуге болады. «Бірге өмір сүрейік» ұғымы осы әлемдік конгрестің (ICP 2016) негізін қалады.

Бұл әлемдік конгресс әртүрлі саладағы психологтарды біріктіріп, методологиялық деңгейде психологияның соңғы зерттеу жетістіктерімен бірге бөлісу ғана емес, әрі әлемде болып жатқан оқиғалар мен жағдайларды да құнды бағалап сол бағытта зерттеулер жүргізуге стимул береді.

Психология қазіргі қоғам алдында тұрған гармониялық мәселелерді шешуге себепші болып ары қарай дами береді деген сенімде конгресс өз жұмысын атқарды. Конгресс өткен Япония елі әрі гармонияны, әрі әртүрлілікті көрсете отырып шығыс және батыс мәдениетін жеңу ғана емес, өзінің қайталанбас тарихымен, дәстүрлер мен жаңа заманды интеграциялайды.

Мұндай әлемдік конгресс Азия елдерінде 3 рет өтіп отыр, біріншісі Токиода 1972 жылы, екіншісі 2008 жылы Қытайда-Пекинде, енді міне үшінші рет тағы да Жапонияда өтіп отыр, Жапония үкіметі бұл мүмкіндікті жоғары бағалады, яғни елінің психологиясын әлемге танытудың мүмкіндігін қамтиды. Әлемдік конгресс қай мемлекетте өтсе сол елдің ғылымына халықаралық психологиялық білімдер одағынан көп қаржы бөлінеді, жас ғалымдары мен белсенді зерттеулерге гранттар бөлінеді, сондықтанда әрбір мемлекет осындай конгрестерді өздерінде өткізуге қатты мүдделі болып, арнайы конкурсқа қатысып конгресс өткізу рұқсатын алады.

Жапонияның психология ғылымдарының ассоциациясы бұл конгресті өте жоғарғы деңгейде ұйымдастырып өткізді (JPA). Сонымен қатар өзінің қатарына 49 ассоциацияларды біріктірген Жапон психологтарының ассоциациясы да көп қолдау берді (JUPA). Барлық әлемнің психологтары жиналып адамзаттың келелі мәселелерін шешуде кездесіп ой бөлісті.

Конгреске әдейі құрметпен шақырылған психологиялық ғылымдардың халықаралық одағының (IUPsyS) президеті профессор Saths Cooperмен табыда кездесудің сәті түсті, Кейптауннан кейін швеция және Прайждегі Европалық конгрестерде кездескенбіз. Бірінші рет Африка континентінде болған «Психология адамзатқа қызмет етеді» атты әлемнің 103 мемлекеті қатысқан 30-әлемдік психологиялық конгресс Оңтүстік Африка мемлекетінде, Кейптаун қаласында 2012 жылы 22-27.07. аралығында өтіп келесі эстафетаны осы Жапон мемлекетіне тапсырған салтанатының куәсі болғанбыз, 4 жыл өте шығып Жапонияға келдік.

Saths Cooper өзінің «Психология және адам құқығы үйлесімді бола ала ма?» атты жолдауын конгреске арнады. Психологияның әлемдік конгресі өзінің керемет тарихына ие, бірінші конгресс Парижде 1889 жылы өтті. Бұл күндері әр 4 жылда бір өтіп отырады. Халықаралық психологтар одағы барлық әлемдегі психолог ғалымдарды, студенттерді, басқада мамандарды біріктіреді, бұл одақта әлемнің 80 мемлекеті және дүние жүзі бойынша 20 филиалы бар одақ.

Конгресс барысында симпозиумдар, семинарлар, арнайы құрметпен шақырылған негізгі лекторлардың баяндамалары, тақырыптық сессиялар, көпшілікке арналған баяндама-зерттеулер және секция жұмыстар бір апта бойы үзіліссіз бір бірімен параллель жүріп, әлемдік ғылыми жаңалықтармен танысудың мол мүмкіндігін берді.

Конгресс психологияның 63 бағыты бойынша жұмыс жасады, кейбіреулерін атасам, олар: агрессия және просоциальды мінез-құлық, қартаю,

өнер, клиникалық психология, мінез-құлық психологиясы, когнитивті роботтехника, экологиялық контекстер, білім және мектеп психологиясы, отбасы және қоғам, адами қатынастар, өнеркәсіп және ұйымдастыру психологиясы, кедейшілік, психобиология, дін және руханилық, әлеуметтік ми.

Солардың ішінде ашық дәрістерге шолу жасасам, барлығы Жапония елінің ғалымдары және дәрістер жапон тілінде өткізілді:

1. Masayoshi Tsuge - «Сыныптағы оқытудың әртүрлілігі және жапониядағы психология үшін рөлі: тарихы, қазіргі жаңа жағдайы және болашағы»

2. Koji Yamamura – «Анимацияда қозғалысты қалай жасауға болады?»

3. Nobuko Ushida - «Жауыздықпен қаралған балаларға психологиялық көмек беру».

4. Ryuta Kawashima - «Күнделікті өмірлік жағдайлардағы коммуникативті іс-әрекет бойынша сапалы өлшемдер».

5. Osamu Kitayama - «Қарама»- тиым салу жайлы: мәдениетті масқаралаудағы терең психология

Симпозиумда Австралия, Ангола, Англия, Алжир, Африка, АҚШ, Бельгия, Бразилия, Германия, Гонконг, Жаңа Зеландия, Жапония, Египет, Израиль, Индия, Канада, Кипр, Колумбия, Корея, Қытай, Малазия, Мексика, Панама, Перу, Румыния, Таиланд, Турция, Франция, Швейцария, Швеция, Шри Ланка, Чехия, Чили және басқада мемлекеттердің ғалымдары өз зерттеулерін таныстырды, солардың ішінде келесі зерттеулерді атап өтейін, құқық және психология, когнитивті неврологияның жаңа көкжиектері, психология және медиатеchnологиялар, әлеуметтік таным және миндальды дене мен аутизм, ойындар теориясы және стратегиялық ойлау, когнитивті үздіксіздік: толық арнайы ақыл-ой қабілеттерінің патшалығы, әртүрлі мәдениеттегі әлеуметтік нормалар күші, әлеуметтіліктің эмоциялық негіздері, тәуелсіздік пен қолдаудың арасындағы баланса жету, телеоператор роботтарға адаптация, адам мен приматтардың мәдени табиғаты жайлы: біздің мәдени таным мен имитациялардың сәйкестігін, эволюциясын түсіну.

Әлемдік конгреске қатыса отырып көптеген әлемдік психологиялық зерттеулермен танысып, тәжірибелер алмасып және өз елімізді таныстырып көптеген жаңа зерттеу идеяларын алып, жаңа ғылыми ынтымақтастықты жасап, көптеген психологиялық ұйымдармен кездесіп оларды қазақстанға шақырдық. Атап айтсақ, Қазақстанда психологияны дамыту үшін әлемдік тәжірибелерді алу мақсатымен Жапония психологтарының ассоциациясы (JPA) президенті-Toshikazu Hasegawa мырзамен, ассоциацияның жұмысымен танысып және сол ассоциацияға мүше болуға келісім шартқа отырдық.

Жапония елінің психологиялық жүйесімен танысу негізгі міндеттердің бірі болды. Бұл ассоциация 1927 жылдан бері жұмыс жасауда. Зерттеушілер мен практик психологтарды біріктіріп жылда конференциялар өткізіп және жапон тілінде 2 журнал шығарады, олар: «Психологияның жапон журналы» - 1926 жылдан бері шығады және «Психология әлемі» -1998 жылдан бері

шығады және ағылшын тілінде «Жапондық психологиялық зерттеулер» журналы, 1954 жылдан бері шығады.

Ассоциация қоғамдағы *kokoro* (ақыл және жүрек) мәселелерін шешу бағытында көптеген ғылыми психологиялық зерттеулерді жүзеге асырады, атап айтқанда психологиялық денсаулық, саясат, суицид, бала-ата-ана қатынастары, отбасылық қатынастар, психологиялық қауіпсіздік және үміт, мәдениаралық түсінісу және басқада құнды мәселелер жайлы зерттейді. «Адам болу нені береді» деген идеяға бағыттайды, бала-бақшалармен, мектеппен, жастармен тығыз байланыс құрған осы ассоциация қабырғасында көптеген студенттер өздерінің дипломдық жұмыстарын аяқтайды оларға қаржылық көмек көрсетіледі.

Біз қатысқан конгресте жас ғалымдарға, студенттерге арнайы бағдарламалар ұйымдастырып қолдау берілді. Семинарларға ақысыз қатыса алады, жақсы жұмыстар ақшалай марапатталды, жобаларын жақсы қорғаса стипендиялар тағайындалады, психологиядан ерте карьера жасау жолдары соларға арнап мастер кластар, әлеуметтік оқиғалар ұйымдастырылды, конгресстен кейін университеттерді аралап жапон студенттерімен танысады, зерттеу саласында лидерлік сапаны қалыптастыруға негіз болады.

Конгресте тыңдалған кейбір зерттеулерге тоқталғым келеді. «Әл-ауқаттың кросс-мәдени түрлері»-профессор Ed Diener, АҚШ, баяндамада субъективті әл-ауқат бойынша жүргізілген 1200 зерттеу қорытындылары баяндалды, мәдениетпен байланысты 5 тақырып қамтылған: 1. барлық әлем бойынша субъективті әл-ауқаттың адами қажеттіліктермен байланысты жалпы предиктері болады; 2. осы субъективті әл-ауқатты болжап беретіндер болады, мысалы өз мәдениетінде құрметтелетін мінез-құлық пен мінездемені көрсетіп, мәдени конгруэнция- субъективті әл-ауқатты күшейтеді (subjective well-being –SWB); 3. Саяси пікір таластарды ақпараттандыру үшін SWB әлеуметтік өлшемдерін қолдану, мысалы түскен пайданың қауіпсіздігі және жасыл табиғатпен толығу осы SWB жоғарылатады; 4. Ғылымның қазіргі бағыты, SWB әртүрлі мәдениетте өлшеу, мысалы әртүрлі мәдениеттегі қанағаттану мен бағалау сезімін түсіну реакцияларын өлшеуге болады; 5. SWB кейінгі кеш нәтижелерді зерттеу, денсаулық, өмірдің ұзақтығы, әлеуметтік қатынастар, азаматтық. Мысалы, батыс индивидуалистік мемлекеттерде SWB жоғары бағалайды, ал басқа мәдениетте қалай болады және сол нәтижелерді кез келген мәдениетте қолдануға бола ма деген мәселелер талқыланды.

Профессор Ying-Yi-Hong - Гонконг университеті, «Мультимәдени идентификациялану дәстүрлерді шақыра ма әлде болашақты жасау ма?» атты баяндамада индивидтердің ұтқырлығы күнделікті өмірде әртүрлі мәдениет өкілдерімен байланысқа түскенде қандай сезімдерді бастан кешіреді? деген мәселені зерттеген. Баяндамадан көргеніміздей олар жағымды әсер етеді екен, мысалы кадр және творчество бір біріне ауыса алады, алайда олар адамдардың өзінің мәдениетіне зиян келтіретінін

ұмытпауы қажет. Осы екі айырмашылықты шектеу үшін полимәдени ақыл мен мультимәдени өзіндік (самость), мультимәденилік ұғымдарын ажырата білу керек дейді. Мультимәдени ақыл жаңа мәдениет жайлы білімдерді алып келеді, бұл процестер творчество мен инновацияларға пайда әкелуі мүмкін. Сонымен қатар адамдар өз мәдениетімді бұзып аламын деп сезінсе жаңа мәдениетке деген негатив болуы мүмкін.

Бұл зерттеуде профессор көптеген мәдени әсерлер негізінде мультимәдени ақыл мен мультимәдени өзіндік адамда жағымды не теріс салдарлар туғызады, соған байланысты жүргізген эмпирикалық зерттеулерін баяндады. Қорыта келгенде бұл жұмыс әлеуметтік когнитивті процестерді зерттеуге мүмкіндік берген және адамзат баласының болашағы әртүрлі мәдени дәстүрлерді және өз дәстүрін өзара құрметтеулерімен байланысты болады деп тұжырымдама жасалған.

Профессор Laurence J. Kirmauer-Канада, «Мәдени психиатрия» атты зерттеуін баяндады. Психопатологиядағы тәжірибе мен оны емдеуге байланысты психиатрия мәдениетін, мәдениеттің салдары жайлы зерттеу нәтижелерін талдады. Когнитивті ғылымда мәдени психиатрияны дене және интерсубъективті тәжірибені практикада өзгерту арқылы мәселені нақты көруге жақындаймыз дейді профессор. Адам биологиясы, мәдени биология, ми схемасынан бастап өмірдің мәдени формаларына дейін регуляцияға жете алатынын зерттеуде дәлелдеген. Бұл жаңа бағыт, психикалық денсаулық теориясы, зерттеу практикасын психикалық аурулардың кросс-мәдени зерттеулерімен негізделетінін көрсетеді.

Конгресс барысында әлеуметтік бағдарламаларда өз деңгейінде жұмыс жасады. Сонымен қатар конгресстің аяқталу салтанатында келесі 32-конгресс Чехия мемлекетіне эстафетаны тапсырды.

Мәдени бағдарламалар-кимоно киімін кию шарасы, жапон арфасын тыңдау, шәй дайындау салтанаты, Кабуки театры, медитация практикасы, дамушы ғылымдар ұлттық музейі және Nissan Motor Corporation және Nissan музейіне бару және қосымша экскурсиялар бағдарламасы ұсынылды.

Жапон елінде болып оларды түсінуге тырысу қажет, бір ерекшеліктері құдайға сиынуға баладан бастап бәрі қатысады, поездарда адамдар көп болса кез келген жапондық үнемі шығатын жолды міндетті түрде босатып отырады, метроға әйелдер мен ер адамдар бөлек кіргілері келсе арнайы сызықтар бар, тарихы мен дәстүрлері, инновациялар дамыған жапон елі әрі құпиялы әрі қызық болды.

Қазақстандағы экономикалық-әлеуметтік өзгерістер білім саласына да әсер етуде, адамға деген қатынас өзгеруде. Қазақстандық білімдердің әлемдік білімдер кеңістігіне интеграциялануы, ғалымдардың жігерін жаңа әлемдік инновацияларға шоғырландырады.

Библиографиялық тізім

1. www.ICP2016
2. ICP2016 ProgramFinal